

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 223 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2006 жылғы 8 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4480 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы N 118 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.08.22 N 118 Қаулысымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 57-бабына , "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының 49-бабының 3-тармағына, "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

4

5

6

7. ...

*Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау*

агенттігі Басқармасының
2008 жылғы 22 тамыздағы
N 118 қаулысына қосымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық
актілердің тізбесі

1. Агенттік Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 223 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4480 тіркелген).

2

3. ...

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйымдар қызметін пруденциалдық реттеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - Агенттік) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы қоса берілген нұсқаулық бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Агенттік Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту жөнінде" 2005 жылғы 26 қарашадағы N 412 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3995);

2) Агенттік Басқармасының»"Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту жөнінде" 2005 жылғы 26 қарашадағы N 412 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 27 мамырдағы N 123 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4273 тіркелген).

3. Осы қаулы 2006 жылғы 15 желтоқсанныан қолданысқа енгізіледі.

4. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне, "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне, инвестициялық басқару бойынша қызмет көрсететін бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына мәлімет үшін жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Т.Ш.Пернебаев) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын реттеу мен
қадағалау агенттігі Басқармасының
2006 жылғы 27 қазандағы N 223
қаулысымен бекітілген

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік маңызы, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулық

Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабының 3-тармағына және 3-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына, "Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорлары сақтауға міндетті пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәні мен есептеу әдістемесін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақшалай эквиваленттер - алдын-ала белгілі ақша сомасына жеңіл айналатын және олардың құнының елеусіз ғана өзгеріс тәуекеліне душар болатын қысқа мерзімді жоғары өтімді салымдар. Ақшалай эквиваленттер қатарына екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға инвестициялар және қысқа мерзімді өтеу мерзімі бар басқа инвестициялар (сатып алғаннан бастап үш айдан

артық емес) жатады. Ақшалай эквиваленттер түріндегі инвестицияларды жіктеу " Ақша қаражаты қозғалысы туралы есептер" халықаралық қаржылық есеп берудің 7-ші стандартына сәйкес жасалады;

2) валюталық тәуекел - зейнетақы активтерін басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қор немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым өз қызметінде шетел валюталарының өзгеруіне байланысты шығыстардың (зиян) пайда болу тәуекелі. Шығыстардың (зиян) пайда болу қаупі валютаның құнын көрсету бойынша позицияларды қайта бағалаудан тұнындайды;

3) зейнетақы активтерінің шартты бірлігі - жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің оларды ұйым инвестициялық басқару нәтижесіндегі олардың өзгерістерінің сипаты үшін пайдаланылатын және осы Нұсқаулыққа сәйкес есептелетін үлестік өлшемі;

4) кредиттік тәуекел - заемшының (эмитенттің) бағалы қағаздар шығарылымының (облигациялар, мемлекеттік міндеттемелер және басқалар) талаптарында белгіленген мерзімде кредиторға (инвесторға) тиесілі негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлемеу негізінде пайда болған шығыстардың (зияндардың) пайда болу тәуекелі. Кредиттік тәуекелге сондай-ақ әріптестің своптар, опциондар және бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуды реттеу кезеңіндегі міндеттемелерді орындамауына байланысты пайда болған жоғалтулар тәуекелі кіреді;

5) қор - жинақтаушы зейнетақы қоры;

6) қордың тәуекелі - акциялардың рыноктық құнына ықпал ететін қаржы рыноктарының талаптары өзгерген жағдайда пайда болатын акциялар құнындағы өзгерістер негізінде пайда болатын тәуекел;

7) меншікті капиталдың жеткіліктілігінің жиынтық коэффициенті - осы Нұсқаулыққа сәйкес есептелген қордың меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерінің жиынтығы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының " Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік маңызы, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және қаржы ұйымдарын қадағалау мәселелері жөніндегі

кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 222 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4479 тіркелген) сәйкес есептелген Қордың меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерінің жиынтығы;

8) проценттік тәуекел - мыналарды қосқандағы сыйақы мөлшерлемесінің тиімсіз өзгеруі салдарынан шығыстардың (зияндардың) пайда болу тәуекелі:

орналастырылған активтердің (белгіленген сыйақы мөлшерлемесі кезінде) өтеу мерзімдерін сақтамауға байланысты жалпы пайыздық тәуекел;

басқа тең талап жағдайында ұқсас бағалау сипаты бар бірқатар құралдардан сыйақы алынатын және төленетін есептеу және түзетудің әртүрлі әдістемелерін қолдануға байланысты ерекше пайыздық тәуекел;

9) рыноктық тәуекел - қаржы рыноктарының тиімсіз қозғалыстарына байланысты шығыстардың (зияндардың) пайда болу тәуекелі. Рыноктың тәуекелдің макроэкономикалық тәуекелі бар, рыноктық тәуекелдердің негізгі көзі қаржы жүйесінің макроэкономикалық көрсеткіштері болып табылады. Рыноктық тәуекел пайыздық, валюталық және қор тәуекелдерінің жиынтығын береді;

10) "таза" зейнетақы активтері - қордың оның зейнетақы активтеріне қатысты міндеттемелерін (зейнетақы төлемдері, басқа қорларға аударымдар жөніндегі міндеттемелерді және басқа да ұқсас ықтимал міндеттемелерді) шегеріп тастағандағы зейнетақы активтері;

11) уәкілетті орган - қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

12) ұйым - зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - ұйым).

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен

2. Осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін уәкілетті орган Standard & Poor's агенттігінің рейтинг бағасынан басқа сондай-ақ Moody's Investors Service және Fitch рейтинг агенттігінің бағасын және басқа еншілес рейтинг ұйымдарының рейтинг бағасын таниды.

2-тарау. Өз капиталының жеткіліктілігінің жиынтық коэффициенті

3. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәні:

- 1) 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап - 0,01 кем емес;
- 2) 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап - 0,04 кем емес;
- 3) 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап - 0,06 кем емес.

4. Осы Нұсқаулықтың 3-тармағының талаптарын орындау мақсатында активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болса, Ұйым мен қор арасында жекеменшік капиталдың жиынтық жеткіліктілік коэффициентін сақтау туралы шарт жасалуы мүмкін. Шарт жазбаша түрде жасалады және онда мынадай мәліметтер болуы керек:

Ұйымның K_1 коэффициенті мәнінің жекеменшік капиталдың жеткілікті жиынтық коэффициентіне арақатынасы;

активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы қордың K_1 коэффициенті мәнінің жекеменшік капиталдың жеткілікті жиынтық коэффициентіне арақатынасы;

Ұйым мен қордың активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы K_1 коэффициенті мәнінің арақатынасын анықтау бөлігінде шартқа ол өзгерістердің қолданысқа енгізу күні көрсетіле отырып өзгеріс енгізу жиілігі.

Ұйым уәкілетті органға шарт жасалғаннан кейін бір күн мерзімде осы шарттың көшірмесін жібереді.

Ұйым мен қор арасында жасалған жекеменшік капиталдың жеткілікті жиынтық коэффициентін сақтау туралы шарт жасалмаған болса Ұйымның K_1 коэффициентінің мәні жекеменшік капиталдың жеткілікті жиынтық коэффициентінің кемінде отыз пайызын құрауы тиіс.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаратын ұйымда қор біреуден артық болған жағдайда K_1 коэффициентін сақтаудың теңбе-теңдік мақсатына сәйкес K_1 мәні ұйымның әрбір қорға қатысты өтімді активтері мен міндеттемелерін бөле отырып, әрбір қорға байланысты есептеледі.

Ұйымның K_1 коэффициентінің мәні күн сайын жұмыс күнінің аяғына анықталады.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен

3-тарау. 1-пруденциалдық норматив
«"Өз капиталының жеткіліктілігі"»

5. Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі K_1 коэффициентімен сипатталады.

K_1 коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$K_1 = (\Theta A - M) / M K E A M, \text{ онда}$$

ΘA - осы Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарымен белгіленген өтімді және басқа активтер;

M - баланс бойынша міндеттемелер ("репо" операциясын ашық сауда әдісімен өткізгенде, міндеттемелерге тек "репо" ашу сәтіне қор биржасының ішкі ережелеріне сәйкес анықталған "репо" объектісінің нарықтық құнының дисконт сомасы кіреді);

MZA - мына формула бойынша есептелетін тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қордың инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарының құны:

$$MZA = E(K * K_t) + ((Ж_{пт} + E_{пт}) + E_{ак} * 0,08 + B_t)) + OЖК, \text{ мұнда } E(K * K_t) - \text{кредиттік тәуекел, мұнда}$$

K - қаржылық есептің халықаралық стандартына сәйкес өтелгенге дейін ұсталынатын санатқа енгізілген борыштық бағалы қағаздардың, сондай-ақ үш жылдан астам портфелдегі борыштық бағалы қағаздардың, депозиттердің, аффинирленген бағалы металдардың ағымдағы құны;

K_t - осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының тәуекел деңгейі;

$(Ж_{пт} + E_{пт}) + E_{ак} * 0,08 + B_t$ - рыноктық тәуекел, мұнда

$(Ж_{пт} + E_{пт})$ - осы ереженің 2-қосымшасына сәйкес есептелген ерекше пайыздық тәуекелдің және осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес есептелген жалпы пайыздық тәуекелдің кредиттік тәуекелдің есебіне қабылданбаған борыштық бағалы қағаздар бойынша сомасын көрсететін пайыздық тәуекел,

$E_{ак} * 0,08$ - қор тәуекелі, мұнда

$A_{ак}$ - акциялардың, пайлардың ағымдағы құны,

B_t - $B * 0,08$ ретінде анықталатын валюталық тәуекел, мұнда

B - шығару шарты бағалы қағаздардың айналымының барлық кезеңіне ұлттық валютаның белгіленген бағамы бойынша осы қаржы құралы бойынша ақша ағындарын белгілеуді көздейтін қаржы құралдарын қоспағанда, шетел валютасында номинирленген қаржы құралдарының, сондай-ақ, олар бойынша шетел валюталарының бағамдары өзгеруіне индекстелген номинал және/немесе

купондық сыйақы, және бағалы металдардың қолма-қол шетел валютасындағы
ағымдағы қ ұ н ы ;

ОЖК - формула бойынша есептелетін орташа алынған жалпы кіріс:

$$\text{ОЖК} = \frac{\text{Е соңғы үш қаржы жылында алынған жалпы кіріс}}{3}.$$

ОЖК мөлшері қаржылық есеп беруге сәйкес есепті жылдың бірінші айының бірінші күнгі жағдай бойынша жыл сайын есептеледі және қажет болғанда жыл сайынғы аудиттен кейін түзетіледі.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007.02.23. N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.01.25. N 4 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

6. Ұйымның мына активтері өтімді активтер болып табылады:

1) ақша және ақша баламалары, оның ішінде:

кассадағы ақша ;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша ;

бағалы қағаздар орталық депозитарийінің ағымдағы шоттарындағы ақша;
ұзақмерзімді, және/немесе қысқа мерзімді, жеке рейтинг "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі "BBB-" бойынша немесе агенттіктің осыған ұқсас деңгейлерінің рейтингін иеленген банк-резидент еместердің ағымдағы шоттарындағы ақша ;

бағалы қағаздардың ұйымдастыру рыногында операцияларды жүзеге асыруға арналған ұйымдарға банктік қызметтер ұсынатын резидент емес ұйымдардың ағымдағы шоттарындағы ақша ;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар;

3) Бағалы қағаздары қор биржасының ең жоғары санаты бойынша ресми тізімге енгізілген немесе еншілес резидент банктер болып табылатын, мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып "BBB-" "Standard & Poor's" агенттіктерінің жіктелімі бойынша немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе "kzBBB-" "Standard & Poor's" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша санаттарынан кем емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді жеке рейтингі бар резидент емес енші беруші банктердің Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдары;

4) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып ұзақмерзімді, және/немесе қысқа мерзімді, жеке

рейтинг "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі "BBB-" бойынша немесе агенттіктің осыған ұқсас деңгейлерінің рейтингін иеленген резидент емес банкердегі салымдар;

5) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес айналысқа ақша шығарған);

6) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып қор биржасы листингінің ең жоғары санаты бойынша (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан және "Қазақстан Даму Банкі" АҚ облигацияларынан басқа, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) ресми тізімге енгізілген Ұйымдарға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға болып табылмайтын Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

7) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының ипотекалық облигациялары;

8) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының инфрақұрылымдық облигациялары;

9) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының облигациялары;

10) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып кредиттік рейтингтің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" "Standard & Poor's" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша кем емес рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары;

11) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып "BBB" "Standard & Poor's" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша кем емес рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

12) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып борыштық бағалы қағаздары "BBB" "Standard & Poor's" рейтинг агенттігінің жіктелімінен кем емес рейтингтік бағасы бар шетелдік эмитенттердің акциялары;

13) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, "BB-" "Standard & Poor's" рейтинг агенттігінің жіктелімісі кем емес рейтингтік бағасы немесе шетел

мемлекеттерінің немесе Қазақстан Республикасының ұйымдасқан рыноктарында айналыста жүретін Қазақстан Республикасының "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі "kzBBB" рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және мүмкін жоғалтудың резервтерін шегергендегі "BB" ("Standard & Poor's" кем емес рейтингтік бағасы немесе шетел мемлекеттерінің немесе Қазақстан Республикасының ұйымдасқан рыноктарында айналыста жүретін Қазақстан Республикасының "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі "kzBBB" рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары;

14) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары ;

15) тазартылған қымбат металдар ;

16) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі кемітілген ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайлары ;

17) қор биржасының ең жоғары санатынан кейінгі (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан басқа) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, елу процентке кемітілген негізгі қарыз бен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ұйымдарға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар) Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары ;

18) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, бағалы қағаздар рыногы инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын, бағалы қағаздармен сауда-саттық жасауды ұйымдастырушылардың, бағалы қағаздардың орталық депозитарийі және өзге заңды тұлғалардың, акционерлері бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары болып табылатын, акциялар ;

19) мүмкін жоғалтудың резервін шегергендегі, Алматы қаласы Өңірлік Қаржы орталығының арнайы сауда алаңында листинг амалынан өткен, негізгі қарызды және есептелген сыйақы сомаларын есепке ала отырып, қарыз бағалы қағаздар ;

20) ұйымға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын (мүмкін жоғалтудың резервін шегере отырып), дебиторлық берешегін шегергендегі заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі, оның ішінде:

Ұйымға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын, үш

күннен аспайтын мерзімге кешіктірген қызметкерлердің және басқа тұлғалардың дебиторлық берешегін шегергендегі заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі (мүмкін жоғалтудың резервін шегере отырып);

ұйымға қатысы бойынша аффилирленген тұлға болып табылмайтын, тоқсан күннен аспайтын мерзімге кешіктірген, қызметкерлердің және басқа тұлғалардың дебиторлық берешегін шегергендегі заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі (мүмкін жоғалтудың резервін шегере отырып).

Осы тармақта көрсетілген бағалы қағаздар мынадай жағдайларда өтімді активтер есебіне қосылмайды:

Ұйым оларды қайта сатып алу шартымен сатқан немесе кепілге берген, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа жолмен ауыртпалық салған жағдайда;

Ұйым автоматтандырылған "репо" нарығында қайта сату шартымен бағалы қағаздарды сатып алған жағдайда.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007.02.23. N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.01.25. N 4 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

7. Басқа активтер ретінде Ұйымның мынадай активтері танылады:

1) Ұйымның баланстық құны бойынша негізгі құрал-жабдықтар, оның ішінде:

Ұйымның меншігіндегі немесе тұрақты пайдалану құқығындағы жер;

Ұйымның меншігіндегі үйлер және ғимараттар;

Ұйымның меншігіндегі машиналар мен жабдықтар;

2) бағдарламалық қамтамасыз ету - баланстық құны бойынша.

4-тарау. 2-пруденциалдық норматив "Зейнетақы активтерінің кірістілігі"

8. Ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған зейнетақы активтерінің кірістілігі мына формула бойынша есептелетін K_2 номиналды кіріс коэффициентімен сипатталады:

$$K_2 = \left(\frac{\bar{C}}{C} + \frac{\bar{t}}{0} - 1 \right) \times 100, \text{ бұл жерде}$$

$\bar{C}$ - қордың есепті күнтізбелік айда ұйымның инвестициялық басқаруындағы

зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің осы Ереженің 7-тармағына сәйкес есептелген орташа құны;

C_0 - қордың жиырма, отыз алты және алпыс ай бұрын Ұйымның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің осы Нұсқаулықтың 9-тармағына сәйкес есептелген орташа құны.

9. Қордың қандай да болмасын айда Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны осы қордың осы айдың әрбір күнтізбелік күнінің соңында осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің осы Нұсқаулықтың 10-тармағына сәйкес есептелген орташа арифметикалық мәні ретінде есептеледі.

10. Қордың қандай да болмасын күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құнын ұйым мына формула бойынша есептейді:

$$C_i = \frac{\sum_{j=1}^i P A_j - \sum_{j=1}^i U E_j}{i}, \text{ бұл жерде}$$

C_i - қордың осы күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны;

PA_i - қордың осы күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің осы Нұсқаулықтың 11-тармағына сәйкес есептелген ағымдағы құны;

UE_i - қордың осы күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің осы Нұсқаулықтың 12-тармағына сәйкес есептелген шартты бірліктерінің жалпы саны.

11. Қордың қандай да болмасын күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны мына формула бойынша есептеледі (осы Нұсқаулықтың 13-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$$PA_i = PA_{(i-1)} + V_i + T_i + D_i + I_i + P_i1 + P_i2 - H_i1 - H_i2 - KB_i, \text{ бұл жерде}$$

$PA_{(i-1)}$ - қордың өткен күнтізбелік күннің соңына ұйымның инвестициялық басқаруында болған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

V_i - осы күні қорға түскен зейнетақы жарналары;

T_i - осы күні қорға түскен басқа қорлардан аударылған зейнетақы активтері;

D_i - қордың зейнетақы активтері бойынша осы күні есептелген инвестициялық табыс;

I_i - қордың инвестициялық шотындағы қалдық бойынша осы күні

кастодиан-банк төлеген сыйақы (мүдде);

Πi1 - зейнетақы жарналарын уақытында төлемегендік үшін қордың осы күні
алған өсімі;

Πi2 - зейнетақы активтерін уақытында инвестицияламағандық үшін қордың
осы күні алған өсімі;

Hi1 - осы күні қордан есептелген зейнетақы төлемдері, қордан басқа қорларға
жасалған аударымдар және қордың инвестициялық шотына қателесіп түскен
сомалар бойынша міндеттемелер (қор және оған қызмет көрсететін
кастодиан-банк түскен күні қателесіп түскен деп таныған, қаржы құралдарына
орналастырылмаған және қордың салымшыларының/зейнетақы төлемдерін
алушылардың жеке шоттарына есепке алынбаған сомаларды қоспағанда);

Hi2 - анықталғанға дейін осы күні есептелген сомалар;

KBi - қордың және Ұйымның осы күні есептелген комиссиялық сыйақылары.

12. Қордың қандай да болмасын күннің соңына ұйымның инвестициялық
басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны
мына формула бойынша есептеледі (осы Нұсқаулықтың 13-тармағында
белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$$Bi + Ti + \Pi i1 - Hi1 - Hi2$$
$$UEi = UE(i-1) + \frac{C(i-1)}{100}, \text{ бұл жерде}$$

UE(i-1) - қордың осы күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің соңына
ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты
бірліктерінің жалпы саны;

C(i-1) - қордың осы күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің соңына
ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір
шартты бірлігінің құны.

13. Қордың зейнетақы активтері ұйымның инвестициялық басқаруына
бастапқы түскен кезде (осы Нұсқаулықтың 14-тармағында белгіленген
ерекшеліктерді қоспағанда) осы қордың зейнетақы активтері инвестициялық
басқаруда болып табылған бірінші күннің соңына Ci, PAi және UEi
көрсеткіштерінің есебі мынадай мәндерге сүйене отырып жүзеге асырылады:

$$1) \quad C(i-1) - 100 \text{ теңге};$$

2) PA(i-1) - қордың Ұйым инвестициялық басқаруға қабылдаған "таза"
зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

3) UE(i-1) - қордың Ұйым инвестициялық басқаруға қабылдаған "таза"
зейнетақы активтерінің ағымдағы құнын 100 теңгеге бөлудің нәтижесі.

14. Қордың зейнетақы активтерін бір Ұйымнан екіншісіне инвестициялық
басқаруға өткізген кезде осы қордың зейнетақы активтерінің бір шартты

бірлігінің құнын есептеу үзілмейді және оның зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қабылдаған Ұйым жүзеге асыруды жалғастыра береді.

15. K_2 коэффициентін Ұйым тек зейнетақы активтері осы немесе басқа ұйымдарда жиырма, отыз алты, алпыс және одан көп ай ішінде инвестициялық басқаруда болған қорларға ғана қатысты аталған мерзім ішінде есептейді.

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2008.01.25. N 4 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен.

16. Ұйымдар ұсынған K_2 коэффициенті есептерінің негізінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган осы Нұсқаулықтың 17-тармағына сәйкес ай сайын мыналардың мәндерін есептейді және ағымдағы айдың он бесінен кешіктірмей уәкілетті органның **w e b - с а й т ы н д а :**

1) осы Нұсқаулықтың 14-тармағының шарттарына сәйкес келетін барлық қорлар бойынша K_2 коэффициенті;

2) осы Нұсқаулықтың 15-тармағының шарттарына сәйкес келетін барлық қорлар бойынша өткен толық жиырма, отыз алты, алпыс айдағы орташа номиналды кіріс коэффициенті;

3) осы Нұсқаулықтың 17-тармағына сәйкес есептелген түзетілген орташа номиналды кіріс коэффициентті жариялайды.

17. Орташа номиналды кіріс коэффициенті "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша (K_2 коэффициентін есептеу жүзеге асырылған кезеңнің бірінші айының бірінші күні жағдайы бойынша) осы Нұсқаулықтың 15-тармағының шарттарына сәйкес келетін барлық қорлар бойынша бір кезеңдегі K_2 коэффициенттерінің орташа өлшенген өлшемі ретінде есептеледі.

Түзетілген орташа номиналды кіріс коэффициенті "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша (K_2 коэффициентін есептеу жүзеге асырылған кезеңнің бірінші айының бірінші күні жағдайы бойынша) осы немесе басқа Ұйымдардың инвестициялық басқаруында алпыс және одан да көп айлар болған, шарттарына сәйкес келетін барлық қорлар бойынша тиісті кезеңдегі олар осы немесе басқа Ұйымдардың инвестициялық басқаруында алпыс және одан да көп айлар болған K_2 коэффициенттерінің орташа номиналдық өлшемі ретінде есептеледі.

18. Зейнетақы активтері осы ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір қор бойынша K_2 коэффициентінің ауытқуы тиісті кезеңнің түзетілген орташа номиналды кіріс коэффициентінің мәнінен отыз проценттен кем болмауы тиіс.

19. Ұйым номиналды кіріс көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы айырманы қорға оның екінші деңгейдегі банктің банк шотына мына формула бойынша есептелген тиісті ақша сомасын аудару арқылы өтейді:

$$S = (C_{cp} - C_t) * Y_{ei}, \text{ бұл жерде}$$

C_{cp} - қордың ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны, бұл ретте зейнетақы активтері кірістілігінің ең аз мәні мен K_2 коэффициенті арасындағы теріс айырма алынып тасталады;

C_t - қордың есеп айырысуды жасау күніне ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

Y_{ei} - қордың есеп айырысу күніне ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірлігінің жалпы саны.

C_{cp} мәні мына формула бойынша есептеледі:

$$C_{cp} \geq ((K_{cp} - (K_{cp} * 30\%) + 100) / 100) * C_o, \text{ бұл жерде}$$

K_{cp} - есеп айырысуды жасау күніне сәйкес келетін жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа коэффициентінің мәні;

C_o - қорда есеп айырысуды жасау күнінің алдында алпыс және одан да ай бұрын болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

20. Көрсетілген сома қор ұйымға номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы өтеу туралы талапты қойған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қордың шотына есептелуі тиіс.

Осы тармақтың талабы Ұйым зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы және зейнетақы жарналарын тарту мен зейнетақы төлемдерін төлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бір мезгілде болған жағдайларға қолданылмайды.

21. Ұйым кірістіліктің ең аз мәні мен K_2 коэффициенті арасындағы теріс айырманың өтеу сомасын есептеген күннен кейінгі күн ішінде уәкілетті органға екінші деңгейдегі банктің растауымен бірге осы соманы есептеу туралы ақпаратты жібереді.

5-тарау. 3-пруденциалдық норматив
«"Бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға инвестициялау"»

22. Ұйымның инвестициясының жиынтық мөлшерін бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына есептеген кезде, екінші деңгейдегі бір банктегі салымға осы Нұсқаулықта белгіленген шектеулер әрбір жинақтаушы зейнетақы қорына жеке-жеке қолданылады.

23. Ұйымның Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің бірімен бағалы қағаздарға, сондай-ақ осы банкте салымға эмитенттелген инвестицияларының жинақталған мөлшері, осы банктің дауыс беруші акциялары осы банктің жалпы дауыс беруші акцияларының жалпы санының кемінде он процентін құрайды, мынадай мәндерден асып кетпеуі керек:

зейнетақы активтері есебінен - Ұйымның инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің он процентінен;

жекеменшік активтер есебінен - Ұйымның жекеменшік активтерінің он п р о ц е н т і н е н ;

жиынтықтылығы - осы банктің жекеменшік капиталы мөлшерінің отыз бес проценті (қаржы агенттіктері мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда) немесе осы банктің жекеменшік капиталы мөлшерінің елу пайызынан аспаса, егер осы банк "BB-дан төмен емес ұзақмерзімді инвестициялық ("Standard & Poor's" рейтингтік агенттігінің жіктемесі бойынша) рейтингтік бағалауға ие болса немесе осыған ұқсас басқа бір рейтингтік агенттіктің рейтингі деңгейі болса.

Зейнетақы және жекеменшік активтер есебінен болған инвестициялар бағалы қағаздарға жинақталып, бір банк ақшаға немесе бір банкте салымға айналған болса ол сол банктің жекеменшік капиталы мөлшерінің жиырма бес процентінен аспауы тиіс (қаржы агенттіктері мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда).

24. Ұйымның Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің бірімен бағалы қағаздарға, сондай-ақ эмитенттерге - банктердің аффилииренген тұлғасы, екінші деңгейдегі банк болмаса, осы банктегі салымдарға, мынадай мәндерден асып кетпеуі тиіс:

зейнетақы активтері есебінен - Ұйымның инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінен он процентінен;

жекеменшік активтер есебінен - Ұйымның жекеменшік активтерінің он п р о ц е н т і н е н ;

жиынтықтылығы - осы банктің жекеменшік капиталы мөлшерінің отыз бес процентінен (қаржы агенттіктері мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда) немесе осы эмитенттің жекеменшік қаржысының жиырма бес процентінен (қаржы агенттіктері мен ипотекалық облигацияларды, инфрақұрылымдық облигацияларды және қаржы агенттігінің кепілдігімен шығарылған облигацияларды қоспағанда), немесе осы эмитенттің бір эмисиясының облигацияларының жалпы көлемінің жиырма бес пайызынан аспайтын (көрсетілген көлемдердің барынша кішкентай болуына байланысты), осы

эмитенттің дауыс бертін акцияларының жалпы санының кемінде он пайызынан.

Эмитент-банктің аффилиирленген тұлғасы екінші деңгейдегі банк болмаса, ипотекалық облигациялар шығаратын болса, онда осы облигацияларға инвестициялардың жиынтық мөлшері осы Нұсқаулықтың 25-тармағында белгілеген мәндерден аспауы тиіс.

25. Ұйым инвестицияларының эмитенттің облигацияларына жиынтық мөлшері Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын, оның ішінде шетел эмитенттерінің облигациялары мынадай мән дер ден аспауы тиіс:

зейнетақы активтері есебінен - Ұйымның инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінен он процентінен;
жекеменшік активтер есебінен - Ұйымның жекеменшік активтерінің он пайызынан;

жиынтықтылығы - осы банктің жекеменшік капиталы мөлшерінің отыз бес процентінен (қаржы агенттіктері мен ипотекалық облигацияларды, инфрақұрылымдық облигацияларды және қаржы агенттігінің кепілдігімен шығарылған облигацияларды қоспағанда), немесе осы эмитенттің бір эмисиясының облигацияларының жалпы көлемінің жиырма бес пайызынан аспайтын (көрсетілген көлемдердің барынша кішкентай болуына байланысты).

Ұйымдардың инвестициялар жиынтық мөлшерін, екінші деңгейдегі банк болып саналмайтын эмитенттің облигацияларын есептеген кезде облигациялардың номиналдық құны пайдаланылады.

26. Ұйым инвестицияларының эмитенттің облигацияларына жиынтық мөлшері Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын, оның ішінде шетел эмитенттерінің облигациялары мынадай мән дер ден аспауы тиіс:

зейнетақы активтері есебінен - Ұйымның инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінен он бес процентінен;
жекеменшік активтер есебінен - Ұйымның жекеменшік активтерінің он бес процентінен;

жиынтықтылығы - осы эмитенттің дауысқа ие акцияларының кемінде он бес процентінен.

Ұйымның инвестицияларының жиынтық мөлшерін есептеу эмитенттің акцияларына есептеу кезінде осы Нұсқаулықтың 30-тармағының талаптарын ескеріп, алпыс күннен аспайтын мерзім ішінде белгіленген мәннен үштен аспайтын пайызға артуына жол беріледі.

Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2008.01.25. N 4 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен.

26-1. Ұйымның Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын және Алматы қаласы Өңірлік Қаржы Орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімін қоспағандағы және меншікті және зейнетақы активтері есебінен сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне енгізілген басқарушы компанияның аралық пай инвестициялық қорының пайларына салатын инвестициясының жиынтықты мөлшері мынадай мәндерден аспауы тиіс:

зейнетақы активтері есебінен - әрбір фонд активтерінің он пайызынан артық е м е с ;

меншікті активтер есебінен - әрбір фонд активтерінің он пайызынан артық е м е с ;

жиынтықты түрде - осы аралық пай инвестициялық қорының активтерінің он п а й ы з ы н а н а р т ы қ е м е с .

Ұйымның "BBBm"-дан кем емес "Standard & Poor's principal stability fund ratings" не "BBBf"-дан кем емес "Standard & Poor's principal stability fund ratings" халықаралық рейтинг бағасы бар инвестициялық қордың пайына салынған инвестициясының жиынтық мөлшері мынадай мәндерден аспауы тиіс:

зейнетақы активтері есебінен - әрбір фонд активтерінің он пайызынан артық е м е с ;

меншікті активтер есебінен - Ұйымның меншікті активтерінің он бес п а й ы з ы н а н а р т ы қ е м е с ;

жиынтықты түрде - осы инвестициялық қорының активтерінің он пайызынан а р т ы қ е м е с .

Ескерту: 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2008.01.25. N 4 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен.

27. Ұйымның инвестицияларының жиынтық мөлшерін бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, екінші деңгейдегі банктердің салымына е с е п т е г е н к е з д е :

1) Қазақстан Республикасының банк (эмитент)-резидентінің жекеменшік капиталы Қазақстан Республикасының банк қызметі туралы заңына немесе Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес баспасөз бетінде жарияланған соңғы тоқсандық, немесе листингтік амалдарға сәйкес бағалы қағаздарды сатуды ұйымдастырушылардың баланстары негізінде а й қ ы н д а л а д ы ;

2) шетел эмитентінің жекеменшік капиталы Reuters немесе Bloomberg V.L.P.

ақпараттық талдау жүйелерінде орналастырылған немесе оның сауда жүйесінде бағалы қағаздар лайықты бағаланатын бағалы қағаздар сатуды ұйымдастырушылардың сайтындағы интернет желісінде, немесе осы бағалы қағаздардың эмитенті сайтында орналастырылған оның соңғы тоқсандық балансының негізінде айқындалады;

3) банктер бір біріне аффилиирлеуді бір банкпен танылады. Инвестициялардың жиынтық мөлшері бөлігінде белгіленген шектеулер банктің жекеменшік капиталының отыз бес пайызынан астам проценті (қаржы агенттіктері мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда), осындай банктердің әр біріне қолданылады;

4) екінші деңгейдегі банктер болып саналмайтын бір біріне қатысты аффилиирленген бір эмитент ретінде танылады, екінші деңгейдегі банктер болып саналмайтын осы Нұсқаулықтың 25-тармағының төртінші абзацымен және осы Нұсқаулықтың 26-тармағының төртінші абзацымен белгіленген шектеулер осы эмитенттердің бәріне де қолданылады. Осы тармақша аредиттік бюролардың қатысушысы, сондай-ақ мемлекеттік акциялар пакетін иелену құқығы мен пайдалану (қатысу үлесі) "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақ холдингі" акционерлік қоғамына және мемлекеттік акциялар пакетін иелену мен пайдалану құқығын (қатысу үлесін) "Қазына" нақты даму қоры" акционерлік қоғамына берген заңды тұлғаларға қолданылмайды.

28. Ұйымның кассасында күн аяғында қалған ақшаның мөлшері Ұйымның жекеменшік активтерінің он процентінен аспауы тиіс.

Екінші деңгейдегі бір банктегі (өз араларында аффилиирленген тұлғалар болып табылатын екі және одан көп екінші деңгейдегі банктердегі) ұйымның ағымдағы шоттарындағы ақшаның барынша жоғары қалдығы ұйымның меншікті активтері мөлшерінің он процентінен аспауы тиіс.

Ескерту: 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен

29. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 225 қаулысымен белгілеген зейнетақы активтерін инвестициялау тәртібіне сәйкес Ұйымдардың инвестициясының жиынтық мөлшеріне қойылған шектеулер Ұйымдар бағалы қағаздарды алуға болатын халықаралық қаржы ұйымдарына қолданылмайды.

30. Ұйым өзіне байланысты емес себепке байланысты банктің ашық жинақтаушы зейнетақы қорының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі

қатысушысы белгілеріне сәйкес келсе, онда оған осы факті белгілі болған сәттен бастап алпыс күн ішінде өзінің қызметін осы Нұсқаулықтың 23 және 26-тармақтарына сәйкес келтіруі қажет.

Ескерту: 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2008.01.25. N 4 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен.

6-тарау. Пруденциалдық нормативтердің сақталуына бақылау жасау

31. Ұйым әрбір жұмыс күні алдыңғы жұмыс күнінің соңы жағдайы бойынша, сондай-ақ тікелей ағымдағы жұмыс күнінің алдындағы әрбір демалыс күндерінің с о ң ы н а :

1) K_1 коэффициентінің мәнін;

2) жүзеге асырылған инвестициялардың "Бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға инвестициялау" 3-пруденциялық нормативке сәйкес келуін есептеуді жүргізуге міндетті.

32. Ұйым ай сайын, бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей, уәкілетті органға электрондық және қағаз тасымалдағыштарда мыналарды береді:

1) осы Нұсқаулықтың 1-3 және 5-қосымшасына сәйкес K_1 коэффициенті мәнінің есебін;

2) ағымдағы айдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны жөніндегі өткен ай бойынша Нұсқаулықтың 4-қосымшасындағы нысанға сәйкес анықтаманы;

3) осы Нұсқаулықтың 4-1-қосымшасына сәйкес нысандағы номиналды кіріс коэффициенттері туралы мәліметтер (ағымдағы айдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымда инвестициялық басқаруда болған әрбір жеке қор бойынша)

Ескерту: 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.07.16. N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

33. Қағаз тасымалдағыштағы K_1 коэффициенті мәнінің есебі екі данада жасалады, оған Ұйымның бірінші басшысы немесе есепке қол қоюға уәкілетті, бас бухгалтер қол қояды, және Ұйымның мөрімен куәландырылады. Бір данасы уәкілетті органға беріледі, екіншісі Ұйымда сақталады.

Ескерту: 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007.07.16. N 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2008.01.25. N 4 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

34. Уәкілетті орган және Ұйым Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес электрондық тасымалдағышта Ұйым уәкілетті органға ұсынатын қаржылық және өзге де есеп берудің және ұйым осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық тасымалдағышта ұсынатын пруденциалдық нормативтердің есебіне арналған қосымша мәліметтер негізінде K_1 және K_3 коэффициенттерінің мәнін ай айын е с е п т е й д і .

Уәкілетті орган есепті айдан кейінгі айдың 28-ші күнінен кешіктірмей өзінің сайтында әр Ұйым бойынша кредиттік, проценттік, валюталық және қорлық тәуекел маңызы туралы ақпараттарды орналастырады.

Ескерту: 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

35. Электрондық тасымалдағыштағы пруденциалдық нормативтердің есебіне арналған қосымша мәліметтер осы айдың бесінші жұмыс күні Астана уақытымен 18.00-сағаттан кешіктірмей есепті айдан кейінгі айдың бірі күнгі жағдай б о й ы н ш а ұ с ы н ы л а д ы .

